

«Ғасырлар пернесіне» - 50 жыл

Мен Торғайлықпын ,
Сурінбей өткен сыңдардан.
Мен Торғайлықпын ,
Дауылды - найзағайлы күндерде шыңдалған.
Мен Торғайлықпын ,
Ырыс - құты өмірі арылмаған.
Сол ырыс - құт дарытты дарын маған.
Отты күнде оқ өтпес батыр болып ,

Бейбіт күнде ақынмын жалындаған - деп Наз аға айтқандай, мен де, осы киелі Торғайдың ұрпағымын. Өзімнің тәлім - тәрбие, ғибратты өнеге алған жерім Торғай елі екендігі баршаға аян. Қошқарұлы Жәнібектей батыр, Ыбырайдай ағартушы, ұстаз, Нұрқандай ақын шыққан киелі Торғай жерінде туып, ақын - жыршылардың ізбасары болғаным мақтанамын.

Аудан мәдениетін басқаруға өнермен жаны бірге жаратылған, талғамы биік ағалар Сәмен Жаңабергенов, Орекен Алматыев, Сәбитбек Жөкешбаев және де Қойшы Сәрсенкелдин ағаларымыз келгенде өнердің биікке шырқау кезегін басынан өткергеніне барлық ел күе. Өнерге жақын, оған шын берілген жастарды тарту оларға өнер құдіретін сіңіріп, бірқатарының болашақтарына жол ашатын шарапатты жұмыстар пәрменімен жүрді. Сол кезде Торғай өнерінің дарабозы Болат Хамзин ағамыз бастаған бір топ талант иелері қанаттанып ерекше бір шығармашылықпенен жұмыс атқарған еді. Ұмытпасам

ағамыздың шақыртуымен облыстық музыкалық драма театрға жұмысқа тұрдым. 1980 жылы белгілі бір себептермен ауылға қайта оралдым. Мен кеткенде Қойшы аға Комсомолда жұмыс істейтін, мен келгенде Еңбек совхозында партия ұйымын басқарады екен. «Ал, енді бұл жерде саған лайықты жұмыс жоқ, мектепке орналастырамын» - деді, мен «Ой, аға менен мұғалім шықпайды ғой, оданда күзетшілік болса жарайды» - дедім. «Онда ертең хабарлас» - деді. Ертеңгі күні «Саған бір жұмыс табылды», совхозда спорт жетекшісі деген жұмыс бар екен, соған тұрасың. Бірақ бізде «Жауқазын» ансамблі бар, соған көмектесейің деді. «Жарайды» - дедім мен. Келесі жылы Қойшы аға ауданға мәдениет бөліміне жұмысқа ауысты. Кетерінде мен сені ауданға алдырамын, сен бас тартушы болма - деп қатты тапсырып кетті. Ақыры айтқандай шақырттып



омырауымызда лауреаттық алтын, күміс төсбелгілері жарқырап, жалынды жастық шақты еске түсіреді. Жалпы айтқанда Торғайдағы өнер ұжымдарының жоғары көтерілуі осы ағамыздың басшылық еткен кезінде болатын. Ағаның қолдауымен біз театр жанынан күлкі ойын - сауық отауын аштық. Арқалықтан Табыс Құлиясов ағамызды шақыртты, ол кісі сценарийін жазды, мен оны сахнаға дайындаймын. Сөйтіп көп кешікпей «Күлкі» ойын - сауық отауын сахнаға шығардық. Міне, осындай ағалардың еңбегімен құрылған ансамбль

1973 жылы аудан көркемөнер-паздары КСРО астанасы Мәскеу қаласында облыс , республика өнерінің табысын паш ететін концерт қою мәртебесіне ие болды. Кейін Торғай өңірінің саңлақтарына айналған Өзбек Мұқашов , Рысты Ерденова , Ықылас Ғбайдуллин , Марат Оспанов, Салиқа Маманова, Бөлтірік Молдашов , Шаттық Жаңабергенов, Кәдіржан Хасенов, Ғалибек Бейсенбаев сияқты түрлі мамандық иелері өнер майданында жан-тәнімен беріліп жұмыс істеп, халықтың ризашылығына да бөленді. 1974 жылы Сәбитбек ағамыз Алматыдан қазақтың көне аспаптарын зерттеуші Болат Сарыбаевты шақыртып бір айдай дайындық жүргізіп, фольклорлық-этнографиялық «Ғасырлар пернесі» деп ат қойдық. 1976 жылы мені Өзбекәлі Жәнібекұлы

алдырып, халық театрының режиссері қылып тағайындады. Міне, «Ғасырлар пернесі» ансамблінің аты шаға бастауы да осы Қойшы ағаның келуінен басталды. Әуелі тұрақты жастар сөйтіп қайта жасақталмаған ансамбль ел ауызына ілігіп, аты шыға бастады. Сөйтіп, фольклорлық-этнографиялық «Ғасырлар пернесі» ансамблі болып дүркіреп шыға келді. 1985 жылы бұл ұжым гастрольдік сапармен әуелі Мозамбик халық республикасында, Сирия, Иордания елдерінде болып қайттық. Ол дегеніңіз сол заманда тек республикалық одақтық дәрежедегі өнер ұжымдарының қолдары ғана жететін жетістік болатын. Одан кейін туысқан Украина еліне концерттік бағдарламамен шығып, астанамыз Алматыда бірнеше рет концерт қойдық. Сол кездердің белгісіндей

алдағы жылы 50 жасқа толады. Осы уақытқа дейін Болат ағаның балалары Ләззат бастап келіп, жылына бір рет жастарды ұйымдастырып, концерт қояды. Көп-көп рахме сіздерге Ләззат қарындасым. Жарты жасыр ұмытылмаған бұл ұжым алдағы уақытта да ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретініне сеніміміз мол. Кейінгі толқын жаңадан ұжым құруы мүмкін, бірақ, өткен ағалардың еңбегін де еске алып отырған жөн болар деп ойлаймын. Сондықтан туған жерден жырақ жүрген бауырлар, бүгінгі ойымды Сырбай ағаның бір ауыз өлеңімен түйіндегім келеді.

Мен туған жер кішкентай,
Торғай деген аты бар.
Туған онда ақындар,
Туған онда батырлар.
Мақтауға оны қақым бар,
Қызғанбандар, ақындар.

Бөлтірік МОЛДАШЕВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Арқалық қаласының құрметті ардагері

